



Нұр-Сұлтан қаласы

2021 жылғы наурыз

Баспасөз хабарламасы

Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің тапсырмасы бойынша «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында «Мамандықтар әлемін ашаңыз» республикалық форумын (бұдан әрі - Форум) қашықтық форматында өткізеді.

Форумның мақсаты: Қазақстанның еңбек нарығы мен экономикасының болашағында сұранысқа ие және қажетті болашақ мамандықты сәтті таңдау үшін білім алушылардың мамандықты оқып білуге шығармашылық тәсілдемесін жандандыру, білім алушылар мен педагогтерді бірлескен қоғамдық маңызды кәсіби бағдар қызметіне тарту.

Бүгінгі таңда оқушылардың кәсіби бағдарлануына көп көңіл бөлінеді. Жұмыстың бұл бағыты қазіргі қоғамдағы басым бағыттардың бірі болып табылады.

Форумға облыстық, Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларындағы форум кезеңдерінің жеңімпаздары – жалпы орта, қосымша, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының білім алушылары қатысады. Форумға қатысушылардың жалпы саны – 170 адам.

Форумға қатысушылар болашақ мамандықтары, ұсынылған номинациялардағы мамандықтардың қажеттілігі туралы айтып береді: «Осындай мамандық бар» мамандықтарды презентациялау байқауы, «Мамандықты таңдайтын уақыт» - видеоблогерлер байқауы, «Мен

мамандықтар әлемінде» - әдеби байқау (эссе), «Мамандық кеше, бүгін, ертең» - вайндар байқауы.

Форум азаматтылық негіздерін, патриоттық сезімді, салауатты өмір салтының принциптерін қалыптастыруға, тұлғалық даму, кәсіби өзін-өзі анықтау үшін жағдай жасауға, білім алушының таным мен шығармашылыққа деген жеке тұлғаның ынтасын дамытуға бағытталған.

Форумға қатысу «тең теңіне» қарым-қатынастарды, бәсекелестіктің салауатты рухын қалыптастыруға ықпал етеді, балалардың бойында үздік болуға деген позитивті ұмтылысын қалыптастырады.

Форум республикалық деңгейде дарынды балаларды анықтау жүйесін құру мүмкіндіктері мен шарттарын бағалауға, әртүрлі салаларда шығармашылық қызметке қабілетті және бейімді білім алушыларға ерте кәсіби бағдар беруге бағытталған.

Форумның қорытындысы бойынша жеңімпаздарға сыйлықтар жолданады. Жеңімпаздарға дипломдар, жеңімпаздардың жетекшілеріне – алғыс хаттар, барлық қатысушыларға – сертификаттардың электрондық нұсқалары www.ziyatker.org сайтында орналастырылады.

Қосымша ақпарат алу үшін мына телефонға хабарласуға болады: +7 (7172) 64-27-22; e-mail: rumcdo_nto@mail.ru